

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жәнібек ауданының бюджет қаржысын және мемлекеттік активтерін пайдалануына мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне мемлекеттік аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Жәнібек ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, «Жәнібек аудандық демалыс орталығы» МКҚК (үстеме тексеру).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2020 жылдың 1 қаңтарынан – 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығы, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-да 2022 жылдың 1 қаңтарынан – 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Аудан Батыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы және Казталов аудандарымен шекараласады. Аудан 1922 жылы құрылған, аумағы – 8,2 мың шаршы км, 2023 жылғы 1 қаңтарына халық саны 17,6 мың адамды құрайды. Ауданда 9 ауылдық округ, 18 ауылдық елді мекен бар.

2022 жылғы жағдай бойынша 978 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,1% артық. Оның ішінде жұмыс істейтіндер саны 1298, немесе тіркелгендер санынан 7,8% артық. 2022 жылы ауданда 57 қызметкері бар 19 шағын цех тіркелді және жұмыс істейді. Шағын цехтардың ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемі 58000,81 мың теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,01% артық. 2022 жылы ауданның шағын бизнесіне 58000,8 мың теңге сомасына 48 шағын қарыз бөлініп, берілді.

2022 жылы экономиканың барлық салаларында 1370 жаңа жұмыс орындары құрылды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,03% көп. Кәсіптік оқуға жіберілген адамдардың саны 16 адамды құрайды, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,9% аз. 2022 жылы жұмыссыздар саны 944 адамды құрады, бұл

2021 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 1,02% артық. 891 адам жұмысқа қабылданды, бұл 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 0,9% аз, ақылы қоғамдық жұмыстарға 492 адам жіберілді, бұл 2021 жылғы қаңтар-желтоқсан деңгейінен 0,9% аз. 2022 жылы орташа айлық жалақы 202 833 теңгені құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 1,26% жоғары.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит нәтижесінде аудит объектілерімен 71 392,8 мың теңгеге бюджеттік және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмағандығы анықталды, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 71 392,8,0 мың теңге. Сонымен қатар, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануы 1 701,3 мың теңге, тиімсіз жоспарлауы 1 472 121,8 мың теңгені құрады.

Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 32 және кемшіліктер саны 1 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 54 823,5 мың теңгесі өтелуге, ал 16 569,3 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады. Аудит барысында және тексеру комиссиясының отырысына дейін 10 742,6 мың теңгесі өтелді, 16 569,3 мың теңгесі қалпына келтірілді.

«Жәнібек ауданы әкімінің аппараты» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде жалпы сомасы 1 565,5 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде аудандық бюджетке өтелуге 715,6 мың теңге, есеп бойынша қалпына келтіруге 849,9 мың теңге; бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануы 2 500,8 мың теңге, тиімсіз пайдалануы 601,3 мың теңге, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 8 бірлікті құрайды. Аудит барысында 8,3 мың теңге бюджетке өтелді, 849,9 мың теңге есеп бойынша қалпына келтірілді.

1-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 32 бабының 2 тармағы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының 3 тармағы бұзылып, 2020, 2021 және 2022 жылдарға арналған 113 015 «Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік бағдарламалардың жобалары әзірленбеген және бекітілмеген.

2-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының 6-тармағының 4) және 8) тармақшалары бұзылып, мекеменің 2020, 2021 және 2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары белгіленген нысан бойынша жасақталмаған: барлық бюджеттік бағдарламаларда бюджеттік бағдарламаның басшысы туралы ақпарат жоқ; 005 015 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар», 006 015 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою», 007 015 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі

іс-шаралар» бюджеттік бағдарламаларында түпкілікті нәтиже көрсеткіштері жоқ.

3-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 79 бабының 1 тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 187 тармағы бұзылып, аудиттелген кезеңде мекемеде нысандар Альбомының 421 «Пайдаланылған жұмыс уақытын есепке алу» нысаны бойынша қызметкерлердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытының есебі жүргізілмеген; мемлекеттік мекеме бойынша бұйрықпен жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелін ай сайын жүргізуге жауапты тұлға тағайындалмаған. Аудит барысында аудан әкімінің өкімімен жұмыс уақытын пайдалану есебінің ай сайынғы табелін жүргізуге жауапты тұлға тағайындалды.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 111 бабының 2 тармағына сәйкес: Егер уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру алмастыратын жұмыскердің лауазымдық міндеттеріне кіретін болса, уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқарғаны (алмастырғаны) үшін жұмыскерлерге қосымша ақы төлеу жүргізілмейді.

4-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 111 бабының 2 тармағының талабы бұзылып, уақытша болмаған қызметкерді алмастыру оның лауазымдық міндеттеріне кірседе, 2022 жылы аудан әкімі аппаратының бас инспекторына уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін атқарғаны (алмастырғаны) үшін 72,2 мың теңге сомасында жалақыға негізсіз қосымша ақы төленген.

5-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 103 бабының 1-тармағы бұзылып, нақты жұмыс істемеген күндер үшін (еңбекке жарамсыз кезеңде) аппарат қызметкеріне 2022 жылы жалпы сомасы 414,0 мың теңгеге негізсіз жалақы төлеуге жол берілген.

6-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 225 тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомының 118 қосымшасы бұзылып, аудиттелген кезеңде барлық қызметтік автомобильдердің жол парақтары бухгалтерлік құжаттаманың белгіленген нысанына сәйкес толтырылмаған (жол парақтарында шығу және қайту кезінде отын қалдығы, сондай-ақ жол парағының сыртқы жағында автомобильді пайдаланған адамның қолы толтырылмаған; спидометрдің көрсеткіштері көрсетілмеген; жол парағы тек бір күнге немесе аусымға жарамды болса да, жол парағы ұзақ мерзімге толтырылған).

7-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» 17.03.2015 жылғы №179 бұйрығының 1 қосымшасының, сонымен қатар Жәнібек ауданы

әкімінің «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары туралы» 19.02.2021 жылғы №2 шешімінің 1 қосымшасының талаптары сақталмай, Hyundai Santa Fe (мемлекеттік номері 016RK07) маркалы автокөлігінің ай сайынғы жүру бойынша лимиттер 27 389 км. сақталмаған, оның ішінде 2021 жылы -17 759 км; 2022 жылы - 9 630 км., бұл жалпы сомасы 601,3 мың теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға әкеліп соқты (оның ішінде: 2021 жылы - 394,5 мың теңге, 2022 жылы - 206,8 мың теңге), яғни Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген заттай нормаларды асырған.

8-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 19 тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомының 37 қосымшасы бұзылып, мекемеде аудиттелген кезеңде ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтарды сақтауға жауапты адамдармен толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарттар жасалмаған. Аудит барысында материалдық жауапты тұлғалармен тиісті шарттар жасалды.

Жәнібек ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №98 Қаулысы негізінде және «Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ 16.09.2022 жылғы №НҚ-106 бұйрығына сәйкес, жалпы сомасы 2500,8 мың теңге құрайтын 1 дана биометриялық терминал және 9 дана кеңсе компьютерлері мекеме балансынан 2022 жылғы 14 қазандағы қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес облыстық деңгейдегі басқа мемлекеттік орган теңгеріміне берілген. Алайда, 003015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша аталған негізгі құралдар басқа мемлекеттік органға беру үшін емес, мемлекеттік органның өзі пайдалану үшін жоспарланған, нәтижесінде бюджеттік бағдарламада көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізілмеді.

9-тармақ. Осылайша, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 9) және 12) тармақшаларында көзделген негізділік пен тиімділік принциптері сақталмаған, бұл 2500,8 мың теңгені құрайтын бюджет қаржысының тиімсіз жоспарлануына алып келді.

10-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 21 тармағының талаптары сақталмай, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 95 бабының 1 тармағы, 96 бабының 1 тармағы, 97 бабының 6 тармағы бұзылып, мекемемен ҚҚС есепке ала отырып мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан, ол салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді, соның салдарынан міндеттемелерді қабылдаудың заңдылығы, төлем шоттарының заңдылығы мен негізділігі қамтамасыз етілмеген, нәтижесінде 2020-2021 жылдары кейбір өнім берушілерге негізсіз жалпы сомасы 221,1 мың теңге ҚҚС есептеліп төленген, оның ішінде 2020 жылы «MEGA GROUPKZ» ЖШС-не - 179,8 мың теңге және 2021 жылы «Muhammad-Ali» жеке кәсіпкеріне - 41,3 мың теңге.

11-тармақ. «Жәнібек ауданы әкімінің аппараты» ММ-і атынан әрекет ететін Аппарат басшысы Н.К.Серік, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағын бұза отырып, жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған «Шәкенов Айбек Серікұлы» ЖК-ді және «Экспо» ЖШС-ті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы 2022 жылы сотқа талап арыз бермеген.

12-тармақ. «Жәнібек ауданы әкімінің аппараты» ММ-і жасалған шарттардың, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабының 24-тармағын, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Азаматтық Кодексінің 298-бабын бұза отырып, 2022 жылы өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған тауар жеткізушілерден жалпы сомасы 8,3 мың теңге тұрақсыздық айыбын ұстап қалмаған (өндіріп алмаған), оның ішінде «Шәкенов Айбек Серікұлы» ЖК бойынша - 2,0 мың теңге, «Экспо» ЖШС бойынша - 6,3 мың теңге. Аудит барысында «Шәкенов Айбек Серікұлы» ЖК және «Экспо» ЖШС жалпы сомасы 8,3 мың теңге сомасындағы тұрақсыздық айыбын аудандық бюджет кірісіне аударды.

13-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 14 тармағы бұзылып, 2020 жылы мекеменің бас инспекторы-бухгалтері Е.К.Сатыбалдин атқаратын лауазымынан босатылған кезде, мекеменің бас инспекторы-бухгалтері лауазымына тағайындалған А.Н. Қайыржановаға істерді тапсырмаған.

14-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларының 3 және 4 тармақтары бұзылып, аудиттелген кезеңде мекемеде ұзақ мерзімді активтерге, қорларға, ақша қаражаттарына және басқа да активтерге, жылдық қаржылық есептілікті жасау алдында, материалдық-жауапты тұлғаларды ауыстыру кезінде (қабылдап алу-тапсыру күніне), сондай-ақ бухгалтерлік баланстың қалған баптары бойынша белгіленген мерзімде түгендеулер жүргізілмеген.

15-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 243 және 244 тармақтары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттар жоспарының «Ұзақ мерзімді активтер» 2-ші бөлімінің 16 тармағы бұзылып, 2022 жылы мекемемен жалпы сомасы 849,9 мың теңгені құрайтын бейнебақылау жүйесі актив ретінде уақтылы танылмаған және негізгі құрал ретінде кірістелмеген, бұл өз кезегінде 2022 жылдың қаржылық есептілігінің бұрмалануына әкелді. Аудит барысында бухгалтерлік анықтама бойынша 849,9 мың теңгенің негізгі құралдары бухгалтерлік есеп бойынша кірістелді (27.06.2023 жылғы бухгалтерлік анықтама).

«Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде жалпы сомасы 16 416,3 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде аудандық бюджетке өтелуге 696,9 мың теңге, есеп бойынша қалпына келтіруге 15 719,4 мың теңге, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 3 бірлікті құрайды. Аудит барысында 15 719,4 мың теңге есеп бойынша қалпына келтірілді.

16-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың» 3 тармағы бұзылып, 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларда түпкілікті нәтиже көрсеткіштері қамтылмаған, бұл ретте көрсеткіштерге қол жеткізу немесе жеткізбеуін анықтау мүмкін болмады.

17-тармақ. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 63 бабының 4 тармағы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген «Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының» 22 тармағы бұзылып, әкім аппараты 2020 жылғы 6 қазандағы №92 келісімшартқа сәйкес, Жәнібек ауылының Мажитов, Абдрахманов, Иманов, Абдуллин, Жанекешов, Шарафутдинов, Ниеткалиев, Сарсенов және Жеңіс көшелерінде эскиздік жобасыз көшені жарықтандыру құрылысын, сондай-ақ 2022 жылғы 15 сәуірдегі №68 келісімшартқа сәйкес Байтурсынов (2.3км.), Егизбаев (1.8км.) және Утемисов (1.3км.) көшелеріне эскиздік жобасыз электржарығы тартылған. Сондай-ақ, 2021 жылғы 25 маусымдағы №79 келісімшартқа сәйкес Жәнібек ауылының Ихсанов көшесіндегі «Тәуелсіздік» алаңын және 2022 жылғы 6 сәуірдегі №52 келісімшартқа сәйкес Абай көшесіндегі жүгіру алаңын абаттандыру жұмыстарын эскиздік жобасыз жүргізген.

Ағымдағы жөндеулер жүргізу барысында жоспарланбаған жұмыстар мен шығындар жоспарланбайтындығына қарамастан, Г.Караш және Абай көшелерінің жарықтандыруына ағымдағы жөндеу жүргізу сметалық есептеріне жоғарыда аталған шығын түрі қосылып, жөндеулерді жүргізу туралы келісімшарттар сомасына қосылған.

Сондай-ақ, Жәнібек ауылындағы жастар саябағына, батырлар аллеясына және жаппай қабірге ағымдағы жөндеу жүргізу жұмыстарының сметалық есептерінде жоспарланбаған жұмыстар мен шығындарға, уақытша ғимараттар мен қондырғыларға, қысқы мерзімде жүргізілген жұмыстар үшін қосымша шығындар түрлері қарастырылып, жөндеуді жүргізу туралы келісімшарттар сомасына қосылған.

18-тармақ. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет кодексі 96 бабының 1 тармағы және 97 бабының 6 тармағы бұзылып, әкім аппараты ағымдағы жөндеу жүргізу жөніндегі 2021 жылғы 27 мамырдағы №65 келісімшартта 218,9 мың теңгеге, 2020 жылғы 26 наурыздағы №52 келісімшартта 274,6 мың теңгеге, 2020 жылғы 26 ақпандағы №22 келісімшартта 149,7 мың теңгеге, 2020 жылғы 12 наурыздағы №35

келісімшартта 53,7 мың теңгеге, яғни жалпы сомасы 696,9 мың теңгеге міндеттемелер қабылдаудың заңдылығын қамтамасыз етпей, бюджет қаржысы төленген.

19-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6 бабының 3 тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 259 тармағы бұзылып, жалпы сомасы 74 854,5 мың теңгені құрайтын негізгі қорлар негізсіз 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотына жатқызылып, оларға 2020, 2021 және 2022 жылдары жалпы сомасы 15 719,4 мың теңгеге тозу сомасы есептелмеген. Бұл өз кезегінде 2020 жылғы қаржылық есептіліктің 5 239,8 мың теңгеге, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 5 239,8 мың теңгеге, 2022 жылғы қаржылық есептіліктің 5 239,8 мың теңгеге бұрмалануына әкелген. Аудит барысында негізгі қорларға 15 719,4 мың теңгеге тозу сомасы есептелді.

20-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағы бұзылып, әкім аппараты 2022 жылғы 29 сәуірдегі №75 келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін «ЖерҚұрылысЖобалау» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне қосу туралы сотқа жүгінбеген.

«Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде жалпы сомасы 30 343,9 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде аудандық және облыстық бюджетке өтелуге жататыны 30 343,9 мың теңге; бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау 459 059,8 мың теңге, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 5 бірлікті құрайды.

Білім бөлімінің 5 әдіскері мектептерде қосымша жұмыс жасап, сабақ берген. Алайда, сабақ берген уақытта олардың негізгі жұмыс орнында болмағандығы ескерілмей, еңбек ақылары толық көлемде аударылған.

21-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 103 бабының 1 тармағы бұзылып, аудитпен қамтылған кезең білім бөлімінің 5 әдіскеріне 382,6 мың теңгеге еңбек ақы негізсіз артық төленген.

Білім бөлімінің хатшысына 2021 жылдың қазан айынан 2022 жылдың қазан айы аралығында, оның педагог болып табылмайтындығына қарамастан, лауазымдық айлықақысына 25% қосымша ақы төленген.

22-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңының 53 бабының 2 тармағы 1) тармақшасы бұзылып, педагогикалық қызметкер болып табылмайтын қызметкерге 138,2 мың теңгеге еңбек ақы негізсіз төленген.

23-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің» 18-қосымшасының 5 тармағы бұзылып, аудит кезеңінде мектеп директорлары және

олардың орынбасарларына оқу кабинеттерінің меңгерушісі ретінде базалық лауазымдық айлықақыдан 20% қосымша ақы есептеліп, нәтижесінде 610,0 мың теңгеге еңбек ақы артық төленген.

24-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 4 тармағының 2) тармақшасы бұзылып, бұйрық бойынша іссапар мерзімі бір күн болса да, 85,3 мың теңгеге іссапар шығындары төленген.

Ағымдағы жөндеулер жүргізу барысында жоспарланбаған жұмыстар мен шығындарға, уақытша ғимараттар мен қондырғыларға, сондай-ақ қысқы мезгілде жүргізілген жұмыстар үшін қосымша шығындар жоспарланбайтындығына қарамастан, ауданындағы мектеп дәретханаларына ағымдағы жөндеу жүргізу сметалық есептеріне жоғарыда аталған шығын түрлері қосылып, жөндеулерді жүргізу туралы келісімшарттар сомасына қосылған.

25-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексі 96 бабының 1 тармағы және 97 бабының 6 тармағы бұзылып, білім бөлімі 2020 жылы ағымдағы жөндеу жүргізу жөніндегі келісімшарттарда 2 270,1 мың теңгеге міндеттемелер қабылдаудың заңдылығын қамтамасыз етпей, бюджет қаржысы төленген.

26-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабының 3 тармағы 3) тармақшасы бұзылып, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген жағдайларда сайттарды ақпараттық қолдау бойынша қызметтер көрсетуге тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 2021 жылғы 28 сәуірдегі №78 және 2022 жылғы 15 ақпандағы №31 келісімшарттар жасалып, мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған.

27-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағы бұзылып, білім бөлімі өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін 2021 жылғы 24 қарашадағы №199 келісімшарт бойынша «Rino» жеке кәсіпкерді және 2022 жылғы 11 мамырдағы №109 келісімшарт бойынша «Альфа Плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне қосу туралы сотқа жүгінбеген.

28-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық Кодексінің 298 бабы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 24 тармағы, сондай-ақ 2021 жылғы 24 қарашадағы №199 келісімшарттың және 2022 жылғы 11 мамырдағы №109 келісімшарттың 7.3 тармағы бұзылып, білім бөлімі әрбір кешіктірілген күн үшін 0,1% мөлшерінде «Rino» жеке кәсіпкерден 42,0 мың теңге, «Альфа Плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 4,7 мың теңге тұрақсыздық айыбын облыстық бюджетке өндіріп алуды қамтамасыз етпеген.

Аудит барысында жекелеген мектептердегі маусымдық қызметкерлерге, атап айтқанда газ операторлары мен киім ілушілерге еңбек ақы қоры 12 айға жоспарланған, нәтижесінде 2020-2022 жылдары жалпы сомасы 59 721,8 мың теңгеге бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланған.

Бұл ретте, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ретінде облыстық білім беру басқармасы тарапынан бюджет шығыстарының көлемін айқындау барысында кемшіліктерге жол берілген.

29-тармақ. Осылайша, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 9 және 12 тармақтарында көзделген, негізділік және тиімділік принциптері сақталмай, 59 721,8 мың теңгеге бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланған.

Сондай-ақ, аталған қызметкерлерге 2023 жылға да толық 12 айға жоспарланып, 64 346,3 мың теңге қарастырылған, қажетті мөлшері 37 535,3 мың теңге, 26 811,0 мың теңге артық жоспарланған.

30-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 9 және 12 тармақтарында көзделген, негізділік және тиімділік принциптері сақталмай, 26 811,0 мың теңгеге артық жоспарланған, аталған сома бюджетке өтелуге жатады.

Аудит барысында бюджетті бекіту кезінде қомақты қаржы бөлініп, алайда бюджетті нақтылау кезінде жоспарланып бөлінген қаржы толық пайдаланылмай, кері қайтарылып отырған, яғни бюджетті жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ретінде облыстық білім беру басқармасы тарапынан кемшіліктерге жол берілген.

31-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 9 және 12 тармақтарында көзделген негізділік және тиімділік принциптері сақталмай, бюджетті бекіту барысында бөлініп, кейін бюджетті нақтылау барысында сомалар кері алынып, нәтижесінде 399 338,0 мың теңгеге бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланған.

32-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңының 62 бабының 4 тармағы бұзылып, 2020-2022 жылдары бала бақшаларды қаржыландыру іс жүзінде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылмаған, яғни оларға қаржы қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлініп отырған.

«Жәнібек аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде жалпы сомасы 4 653,9 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, барлығы да бюджетке өтелуге жатады; бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау 1 001 581,2 мың теңге, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 5 бірлікті, жүйелік кемшіліктер саны 1 бірлікті құрайды.

Аудит барысында жекелеген бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджеттік өтінімдерді ұсыну кезінде, атап айтқанда «Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ - 475 227,0 мың теңгеге, «Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ - 158 937,0 мың теңгеге, «Жәнібек аудандық білім беру бөлімі» ММ - 94 647,0 мың теңгеге, «Талов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ - 71 580,0 мың теңгеге, «Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ - 59 163,0 мың теңгеге, «Ақоба ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ - 37 173,0 мың теңгеге, «Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ - 34 349,0 мың теңгеге, «Борсы ауылдық округі әкімінің аппараты» - 23 615,0 мың теңгеге, «Қамысты ауылдық округі әкімінің аппараты» - 16 485,2 мың теңгеге, «Жақсыбай

ауылдық округі әкімінің аппараты» - 14 976,0 мың теңгеге, «Күйгенкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» - 8 553,0 мың теңгеге, «Тау ауылдық округі әкімінің аппараты» - 6 576,0 мың теңгеге, «Жәнібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – 300,0 мың теңгеге тиісті негіздеме есептерін және баға ұсынымдарын қоса ұсынбаған.

33-тармақ. Осылайша, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік өтінімдерді ұсыну кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидасының 234-1 тармағы бұзылып, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі 3 бабының 1 тармағы 12-4) тармақшасы және 4 бабының 9) тармақшасында көзделген негізділік принципі сақталмай, жалпы сомасы 1 001 581,2 мың теңгеге бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланған.

34-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығы мен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 41 тармағына сәйкес 01-159-нысаны ғимараттарды, орыңжайларды жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды ұстау бойынша шығыстар есебіне арналған. Алайда, «Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ және «Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ - бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, осы нысанның орнына жеке тұлғалар мен мемлекеттік мекемелер көрсеткен қызметтер мен жұмыстарды төлеу жөніндегі шығыстарды есептеуге арналған 02-159-нысанын толтырған, бұл өз кезегінде кемшілік болып табылады.

35-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығы мен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 71 тармағы бұзылып, «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ және «Жәнібек ауданы әкімінің аппараты» ММ 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік өтінімдерін уәкілетті органға 15 мамырдан кешіктіріп ұсынған.

36-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығы мен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 69 тармағының 2) тармақшасы бұзылып, 2020 жылғы «Жәнібек аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, «Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Жәнібек аудандық білім беру бөлімі» ММ, 2021 жылғы «Жәнібек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, 2022 жылғы «Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ бюджеттік өтінімдерінің түсіндірме жазбаларында орын алып отырған проблемалардың ағымдағы жай-күйінің қысқаша сипаттамасы қамтылмаған.

37-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығы мен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 69 тармағының 2) тармақшасы 45 тармағы бұзылып, 2020 жылы «Жақсыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, 2021 жылы «Қамысты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Жақсыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Борсы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, 2022 жылы «Талов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Жақсыбай ауылдық округі

әкімінің аппараты» ММ, «Ақоба ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, ел ішінде қызметтік іссапарларға жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы жылға арналған іссапарлардың бекітілген жоспарларын және жоспарлы кезеңге арналған іссапарлар жоспарларының жобаларын ұсынбаған.

38-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 48 тармағы бұзылып, 2020-2022 жылдары бюджеттік бағдарламалар әкімшілері аталған нұсқаулықтың 21 қосымшасына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті 4-ББИА нысаны бойынша жасап, аудандық экономика және қаржы бөліміне ұсынбаған.

Аудит кезеңінде барлығы 260 маман бюджеттік несиені алған, оның ішінде 64 маман қарыз шартының төлем кестесіне сәйкес несиені уақытында қайтармау салдарынан 4 653,9 мың теңге берешек қалыптасқан, оның ішінде негізгі берешек 4 018,4 мың теңге, айыппұл 635,5 мың теңге.

39-тармақ. Осылайша, жасақталған қарыз шарттардың 2.5.4 тармағы бұзылып, бюджеттік несиені төлем кестесіне сәйкес уақытында өтемеу салдарынан несиені алушылар тарапынан жалпы сомасы 4 653,9 мың теңге берешек қалыптасқан.

40-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Бюджет Кодексінің» 94 бабының 2 тармағы бұзылып, 2020-2022 жылдары «Жәнібек аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жоғарыда аталған түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган ретінде өзі әкімшілік ететін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын тиісті дәрежеде қамтамасыз етпеген.

«Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде 2 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

41-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығымен бекітілген «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларының» 16 тармағы бұзылып, «Жәнібек ауданы Ұзынкөл ауылында бір екіпәтерлі тұрғын үйдің және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы» жобасына елеулі сипаттағы өзгерістер және толықтырулар енгізілгендігіне қарамастан, жоба түзетілмеген, қайта сарапталмаған және қайта бекітілмеген.

42-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 бабының 3 тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 468 тармағы бұзылып, 2022 жылы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есептер веб-порталда орналастырылмаған.

«Жәнібек аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде жалпы сомасы 167,6 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, барлығы да бюджетке өтелуге жатады, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 3 бірлікті құрайды. Аудит барысында 149,4 мың теңге және тексеру комиссиясының отырысына дейін 18,2 мың теңге аудандық бюджетке өтелді, барлығы 167,6 мың теңгені құрады.

43-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыз № 1127 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларының» 4 тармағының 3) тармақшасы бұзылып, сынақ мерзімінен өтпеген бөлім қызметкеріне 47,6 мың теңге сыйлықақы берілген. Аталған сома аудит барысында аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

44-тармақ. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларының» 6 және 14 тармақтары бұзылып, орташа жалақыны есептеу барысында тұрақты сипаттағы төлемдерге жатпайтын біржолғы көтермелеу төлемдері ескерілген, нәтижесінде 2021, 2022 жылдары бөлімнің екі қызметкеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берген кезде 67,8 мың теңге артық төленген. Аталған сома аудит барысында аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

45-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағы бұзылып, жер қатынастары бөлімі 2020 жылғы 29 қарашадағы №35 келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін «Соколова Ольга Алексеевна» жеке кәсіпкерді және 2020 жылғы 12 тамыздағы №22 келісімшарт бойынша «КазАгро-групп» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне қосу туралы сотқа жүгінбеген.

46-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық Кодексінің 298 бабы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 24 тармағы, сондай-ақ 2020 жылғы 29 қарашадағы №35 келісімшарттың 7.3 тармағы бұзылып, жер қатынастары бөлімі «Соколова Ольга Алексеевна» жеке кәсіпкерден 0,3 мың теңге тұрақсыздық айыбын және 2020 жылғы 12 тамыздағы №22 келісімшарттың 8.3 тармағы бұзылып, «КазАгро-групп» ЖШС-н 33,7 мың теңге тұрақсыздық айыбын аудандық бюджетке өндіріп алуды қамтамасыз етпеген. Аталған сомалар аудит барысында аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

47-тармақ. 2020 жылғы 29 қаңтардағы №1 жер учаскесін сату-сатып алу туралы келісімшарттың 4 тармағы бұзылып, жер учаскесін сатып алушы Ш.Б.Маратов 11,5 тыс. теңге жер учаскесінің кадастрлық құнын аудандық бюджетке төлемеген, бұл ретте Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 47 бабының 4 тармағы бұзылып жер қатынастары бөлімі жер учаскесінің төлемақысын немесе сол жер учаскесін қайтарып беруді талап ету бойынша шаралар қабылдамаған. Аталған сома тексеру

комиссиясының отырысына дейін бюджетке өтелді.

48-тармақ. 2020 жылғы 5 маусымдағы №1 жер учаскесін сату-сатып алу туралы келісімшарттың 7 тармағы 12) тармақшасы бұзылып, жер учаскесін сатып алушы Е.К.Илимисов жер учаскесінің құнын 157 күнге кешіктіріп төлеген, жер қатынастары бөлімі 2,4 мың теңгені 2020 жылғы 29 қаңтардағы №1 жер учаскесін сату-сатып алу туралы келісімшарттың 7 тармағы 12) тармақшасы бұзылып, жер учаскесін сатып алушы Ш.Б.Маратов жер учаскесінің құнын төлемеген 851 күн үшін 4,3 мың теңге тұрақсыздық айыбын аудандық бюджетке өндіріп алуды қамтамасыз етпеген. Аталған сомалар тексеру комиссиясының отырысына дейін бюджетке өтелді.

49-тармақ. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер кодексінің 105 бабы 1, 2 тармақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 315 бұйрығымен бекітілген «Алқаптарды қалпына келтіруге жұмсалатын сомаларды есепке жатқыза отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің шығасыларын өтеу қағидаларының» 25 тармағы бұзылып, 2022 жылы «Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы өндірісінің шығасылары көзделген, алайда жоба жүзеге асырылмауына байланысты, ауыл шаруашылығы өндірісіне залал келтірілмеген, осыған орай ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындары бюджетке өтелуге жатпайды.

50-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 94 бабының 2 тармағы бұзылып, «Жәнібек аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган ретінде өзі әкімшілік ететін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеген, нәтижесінде жер учаскесін сатудан 11,5 тыс. теңгенін бюджетке түсуін қамтамасыз етпеген.

«Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде жалпы сомасы 2 189,8 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, барлығы да бюджетке өтелуге жатады, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау 8 980,0 мың теңге, тиімсіз пайдалану 1 100,0 мың теңге, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 3 бірлікті құрайды. Аудит барысында 24,2 мың теңге аудандық бюджетке өтелді.

51-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 111 бабы 2 тармағы бұзылып, уақытша болмаған қызметкерді алмастыру оның лауазымдық міндеттеріне кірседе, 2021 жылы бас маман А.С.Туебаевқа бөлім басшысының уақытша жұмысын атқарғаны үшін 29,0 мың теңге негізсіз қосымша ақы төленген.

Аудит барысында мемлекеттік мекеме теңгерімінде бастапқы құны 1 100,0 мың теңге тұратын жол белгілерін салатын машина гаражда пайдаланылмай тұрғандығы анықталды.

52-тармақ. Осылайша, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 12 тармағында көзделген тиімділік қағидаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағында

көзделген мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану принциптері сақталмаған, нәтижесінде 1 100,0 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған.

2022 жылғы 3 қарашадағы №93 мемлекеттік сатып туралы келісімшартқа сәйкес, тұрғын үй бөлімі құны 8 980,0 мың теңгенің JAC S5 маркалы қызметтік автокөлігін сатып алған. Алайда, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 наурыздағы №69 қауылысына сәйкес, аталған автокөлік республикалық деңгейдегі басқа мемлекеттік органның теңгеріміне берілген.

53-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 4 бабының 9 және 12 тармақтарында көзделген негізділік және тиімділік қағидаттары сақталмаған, нәтижесінде 8 980,0 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланып, бюджет қаржысы пайдаланылған.

Ағымдағы жөндеулер жүргізу барысында жоспарланбаған жұмыстар мен шығындарға, уақытша ғимараттар мен қондырғыларға, сондай-ақ қысқы мезгілде жүргізілген жұмыстар үшін қосымша шығындар жоспарланбайтындығына қарамастан, сметалық есептерге аталған шығын түрлері қосылып, жөндеулерді жүргізу туралы келісімшарттар сомасына қосылған.

54-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі 96 бабының 1 тармағы және 97 бабының 6 тармағы бұзылып, тұрғын үй бөлімі 2020, 2022 жылдарды тұрғын үйлерге және кіреберіс жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізу жөніндегі келісімшарттарда 1 831,8 мың теңгеге міндеттемелер қабылдаудың заңдылығын қамтамасыз етпеген.

55-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 6, 17 тармақтары бұзылып, 2022 жылдың сәуір-мамыр айларында бухгалтерлік есеп мемориалды-ордерлік нысаны бойынша жүзеге асырылмаған.

56-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 22 тармағы бұзылып, аудитпен қамтылған кезеңде мемлекеттік мекеменің «Басты-журнал» кітабы жүргізілмеген.

57-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық Кодексінің 271 бабы және тұрғын үйді жалға алу шарттарының 6 тармағы 2) тармақшасы бұзылып, 2020-2022 жылдары 19 жалға алушы тарапынан мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақыны уақытында төлеу бойынша өз міндеттемелерін уақытында орындамаған, нәтижесінде 329,0 мың теңге берешек қалыптасқан. Аудит барысында 24,2 мың теңгесі аудандық бюджетке өтелді.

58-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Бюджет Кодексінің» 94 бабының 2 тармағы бұзылып, «Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі түсетін түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган ретінде өзі әкімшілік ететін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеген.

«Жәнібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде жалпы сомасы 10 003,7 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, барлығы да аудандық бюджетке өтелуге жатады, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 3 бірлікті құрайды. Аудит барысында аталған сома аудандық бюджетке өтелді.

59-тармақ. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының» 5 тармағы бұзылып, мәдениет бөлімі «Жәнібек аудандық демалыс орталығы» МКҚК-ға негізсіз 10 000,0 мың теңге субсидия аударған. Аталған сома аудит барысында аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

Мәдениет бөлімімен 2021 жылы 052 «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Жәнібек аудандық демалыс орталығы» МКҚК-ға 2018 жылы жобалаушы мекеме «ЖайықСтройПроект» ЖШС жасақталған жұмыс жобасы негізінде 134 183,0 мың теңге бөлінген, осы сомаға Қамысты ауылындағы мәдениет үйіне «КомпанияСтройИндустрия» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген.

60-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2015 жылғы 10 маусымдағы №248-нқ бұйрығымен бекітілген «ҚР ҚШН 8.04-06-2015 қыс мезгілінде құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезіндегі қосымша шығындардың сметалық нормалары» бұзылып, Жәнібек ауданы Қамысты ауылындағы мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізуге жасақталған сметалық есепте жобалаушы мекеме «ЖайықСтройПроект» ЖШС қысқы мерзімде жүргізілген жұмыстар үшін қосымша шығындар көлемін 787,1 мың теңгеге артық есептеген. Алайда, күрделі жөндеу жүргізу барысында, тараптармен кейбір жұмыс түрлері қайта қаралып, бекітілген (жасалатын жұмыстар сомасы 13 583,2 мың теңге, алынып тасталған жұмыстар сомасы 12 241,9 мың теңге, айырмасы 1 341,3 мың теңге).

61-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 7 тармағы бұзылып, 2021 жылғы мемлекеттік сатып алу жоспарына енгізілген өзгертулер мемлекеттік сатып алу порталына, заңда қарастырылған 5 жұмыс күннен кешіктіріліп орналастырылған.

62-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағы бұзылып, мәдениет бөлімі 2022 жылғы 18 сәуірдегі №24 келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін «QAZAQ BELGI» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне қосу туралы сотқа жүгінбеген.

63-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық Кодексінің 298 бабы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 24 тармағы, сондай-ақ 2022 жылғы 18 сәуірдегі №24 келісімшарттың 7.3 тармағы бұзылып, мәдениет бөлімі «QAZAQ BELGI» ЖШС-н

3,7 мың теңге тұрақсыздық айыбын аудандық бюджетке өндіріп алуды қамтамасыз етпеген. Аталған сома аудит барысында аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

«Жәнібек аудандық демалыс орталығы» МКҚК (үстеме тексеру):

Үстеме тексеру нәтижесінде жалпы сомасы 6 052,1 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, барлығыда өтелуге жатады. Аудит барысында және тексеру комиссиясының отырысына дейін 538,8 мың теңгесі өтелді, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 2 бірлікті құрайды.

64-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің» 7-қосымшаның 1 тармағы 8) тармақшасы бұзылып, Кәсіпорынның бас есепшісінің қызметі тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтауды және танымал етуді қамтамасыз етуге байланысты емес екендігіне қарамастан, оның еңбек ақысына 35% қосымша ақы есептелініп, нәтижесінде 2020-2022 жылдар аралығында 1 108,8 мың теңгеге артық еңбек ақы төленген.

65-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Республикасының Еңбек Кодексінің» 103 бабының 1 тармағы бұзылып, толық ай жұмыс жасамай, босатылған қызметкерге 2020 жылы 25,0 мың теңге еңбек ақы негізсіз төленген.

66-тармақ. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларының» 6 және 14 тармақтары бұзылып, орташа жалақыны есептеу барысында тұрақты сипаттағы төлемдерге жатпайтын біржолғы көтермелеу төлемдері ескерілген, нәтижесінде 2021 жылы 3 қызметкерге жыл сайынғы еңбек демалысын берген кезде 63,8 мың теңге артық төленген.

67-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 38 бабының 2 тармағы бұзылып, Кәсіпорын 2021 жылы музыкалық аппаратураға мемлекеттік сатып алу өткізу кезінде техникалық ерекшелікке оның моделін және өндірушінің атын көрсеткен.

68-тармақ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 21 тармағының талаптары сақталмай, кәсіпорынмен ҚҚС есепке ала отырып мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 21 қыркүйектегі №65 келісімшарт жасасқан, ол салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді, нәтижесінде құн салығын төлеушісі болып табылмайтын «Тельмановс Групп» ЖСН-ге 502,5 мың теңге қосымша құн салығы есептеліп, төленген.

69-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Бюджет Кодексінің» 97 бабының 6 тармағы, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ «Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің» 385 бабы, 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 26 тармағы бұзылып, Кәсіпорын «Batys Alga» жеке кәсіпкермен жасасқан 2020 жылғы 26 қазандағы №73 келісімшартта көзделген сомадан 42,5 мың теңгеге артық аударылған. Аталған сома тексеру комиссиясының отырысына дейін өтелді.

70-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық Кодексінің 298 бабы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 24 тармағы, сондай-ақ 2021 жылғы 14 маусымдағы №44 келісімшарттың 8.3 тармағы бұзылып, Кәсіпорын «Компания Строй Индустрия» ЖШС-дан 3 813,2 мың теңге тұрақсыздық айыбын аудандық бюджетке өндіріп алуды қамтамасыз етпеген.

71-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағы бұзылып, Кәсіпорын 2021 жылғы 14 маусымдағы №44 келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін «КомпанияСтройИндустрия» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне қосу туралы сотқа жүгінбеген.

72-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-ІV Бюджет кодексі 96 бабының 1 тармағы және 97 бабының 6 тармағы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 623 бабының 1 тармағы, сондай-ақ 2021 жылғы 14 маусымдағы №44 келісімшарттың 2.1 тармағы бұзылып, Кәсіпорын «КомпанияСтройИндустрия» ЖШС-ге атқарылмаған жұмыстар үшін (жылыту жүйелерін, су құбырларын, кәріз және бейне бақылау жүйелерін қондыру кезінде) 496,3 мың теңгені аударған. Аталған сома тексеру комиссиясының отырысына дейін өтелді.

Сонымен қатар, үстеме тексеру жүргізу барысында, 2020 жылдың 1 қаңтарымен 2021 жылдың 31 желтоқсан аралығында шаруашылық тауарлар сатып алу үшін Кәсіпорын қызметкерлеріне шығыс касса ордерлерлер арқылы 3 097,7 мың теңге берілген, алайда аванстық есептерге тиісінше толтырылмай құжаттар тігілген, атап айтқанда:

- көркемдік жетекші А.Ахмулдинаға 2021 жылғы 5 қазандағы №28 шығыс касса ордерімен 200,0 мың теңге берілген, аванстық есепте «Ақжарқын» жеке кәсіпкер деп көрсетілген, мақсаты жазылмаған және дәлелдеуші құжаттар салынбаған. Аванстық есепте есепті тұлғаның қолы қойылмаған. Алайда, аванстық есепке «Рамзес» жеке кәсіпкердің күні жазылмаған №4 жүкқұжат салынған, оған сәйкес 210,0 мың теңге әр қайсысы 35,0 мың теңгеден 6 динамик сатып алынған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің (Kqd.gov.kz) ресми сайтының деректеріне сәйкес, ЖК «Рамзес» өз қызметін 2019 жылғы 11 сәуірде тоқтатқан. Аудит барысында көркемдік жетекші А.Ахмулдина аталған шығыс касса ордері бойынша қаржыны алмағандығы туралы түсініктеме берді;

- қойма меңгерушісі А.Сабировқа 2021 жылғы 21 қазандағы номері жазылмаған шығыс касса ордерімен фейерверк сатып алу үшін 600,0 мың теңге берілген. 2021 жылғы 21 қазандағы №31 аванстық есепте «Размариев» жеке кәсіпкер деп көрсетілген, мақсаты жазылмаған. Алайда, аванстық есепке «Рамзес» жеке кәсіпкердің 600,0 мың теңгеге 1 дана фейерверк сатып алған күні жазылмаған №1 жүкқұжат салынған. ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің (Kqd.gov.kz) ресми сайтының деректеріне сәйкес, ЖК «Рамзес» өз қызметін 2019 жылғы 11 сәуірде тоқтатқан.

- бас есепші Н.Кубаеваға 2020 жылғы 5 қарашадағы №40 шығыс касса ордерімен шаруашылық тауарлар сатып алу үшін 150,0 мың теңге берілген. 2020

жылғы 5 қарашадағы №40 аванстық есепте «Рамзес» жеке кәсіпкер деп көрсетілген, мақсаты жазылмаған. «Рамзес» жеке кәсіпкердің күні жазылмаған №4 жүктемеге сәйкес, жалпы құны 150,0 мың теңгеге, әр метрі 300 теңгеден 500 метр еден жуатын шүберектер сатып алынған. Бүгінгі күнде Н.Кубаева жұмыстан босатылуына байланысты, түсініктеме алынған жоқ;

- заңгер А.Рахматуллинаға 2021 жылғы 27 сәуірдегі №14 шығыс касса ордерімен шаруашылық тауарлар сатып алу үшін 400,0 мың теңге берілген. 2021 жылғы 27 сәуірдегі №14 аванстық есепте ЖК «Рамзес» және ЖК «Болашақ» деп көрсетілген, мақсаты жазылмаған. Аванстық есепте «Рамзес» жеке кәсіпкердің күні жазылмаған №5 жүктемеге сәйкес құны 326,3 мың теңгеге және «Болашақ» жеке кәсіпкердің 73,7 мың теңгеге гүл сатып алынған тауар чегі тігілген. Бүгінгі күнде Н.Кубаева жұмыстан босатылуына байланысты, түсініктеме алынған жоқ;

- бас есепші Н.Кубаеваға 2020 жылғы 11 қарашадағы №43 шығыс касса ордерімен тауарлар сатып алу үшін 47,7 мың теңге берілген. 2020 жылғы 11 қарашадағы №43 аванстық есепте ЖК «Рамазан» деп көрсетілген. Алайда, «Рамзес» жеке кәсіпкердің 47,7 мың теңгеге күні жазылмаған №5 жүктеме салынған. Бүгінгі күнде Н.Кубаева жұмыстан босатылуына байланысты, түсініктеме алынған жоқ;

- қойма меңгерушісі А.Сабиrowқа 2021 жылғы 23 қарашадағы №34 шығыс касса ордерімен шаруашылық тауарлар сатып алу үшін 1 000,0 мың теңге берілген. 2021 жылғы 23 қарашадағы №34 аванстық есепте ЖК «Кадришов А.М.» - 1,0 мың теңге, ЖК «Хапуова К» - 0 теңге деп көрсетілген. Аванстық есепке «Кадришов А.М.» жеке кәсіпкерден 500,0 мың теңгеге, күні жазылмаған және қолы қойылмаған «Мулдашева» жеке кәсіпкерден 425,4 мың теңгеге тауар чегі, «Хапуова К» жеке кәсіпкерден 74,5 мың теңгеге тауар чегі тігілген. Қойма меңгерушісі А.Сабиrowтың түсініктемесіне сәйкес, ол бұл қаржыны алмаған, қол қоймаған;

- костюмер Ж.Рыскалиеваға 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №25 шығыс касса ордерімен шаруашылық тауарлар сатып алу үшін 450,0 мың теңге берілген. 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №25 аванстық есепте дәлелдеуші құжаттары салынбаған ЖК «Каирова» және ЖК «Рамазан» деп көрсетілген. Аудит барысында Ж.Рыскалиева қол қойғанын мойындады, алайда аталған шығыс касса ордері бойынша қаржы алмағандығын баяндады;

- саябақ директоры Е.Аубекеровқа 2021 жылғы 24 тамыздағы №22 шығыс касса ордерімен шаруашылық тауарлар сатып алу үшін 250,0 мың теңге берілген. 2021 жылғы 24 тамыздағы №22 аванстық есепте дәлелдеуші құжаттары салынбаған ЖК «Жасмин» және ЖК «Рамазан» деп көрсетілген. Е.Аубекеров шығыс касса ордердің таза бланкісіне қол қойғандығын, алайда қаржы алмағандығын баяндады.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе):

Қазақстандық қоғамды дамыту және мемлекеттік аппарат алдында туындайтын жаңа тұрпаттағы міндеттемелер мемлекеттік басқарудың күшті жүйесінің жұмыс істеуін талап етеді. Осы мәселелерді шешуде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігі ретінде рөлі арта түседі.

Жергілікті атқарушы органдарының тиісті өкілеттіктерді тиімді орындауы ауылдық аумақтардың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті шарт болып табылады және өңірдің дамуына оң әсер етеді.

Осы орайда, халықтың негізгі әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге (дүкендер, ауруханалар, мектептер, мәдениет мекемелері, ұялы байланысқа, радио мен интернет желісіне қол жеткізу), сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымға (желілік газға, су құбыры мен кәрізге қол жеткізу) қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, ауыл тұрғындарының даму ресурстарына (жер, материалдық, қаржылық, ақпараттық және т.б.) қолжетімділігін кеңейту, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және ауылдық қоғамдастықтардың бастамаларын қолдау, шағын және орта бизнес белдеуін құруды қоса алғанда, елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын әзірлеу бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың, жүйе құрушы кәсіпорындардың міндеттемелерін заңнамалық бекіту бағытында тиісті шаралар атқару қажет. Сондай-ақ, шекара маңындағы аумақтарды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударуды қажет етеді.

Бұл ретте жыл сайын аудан бюджетінің әлеуметтік бағдарлануының артуы мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар аясында түрлі жобаларды іске асыруға елеулі мүмкіндік береді. Сонымен қатар өңірді тұрақты үдемелі дамыту міндетін шешу, бөлінген қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін, бюджеттік бағдарламалар орындаушылары мен уәкілетті орган - ауданның экономика және қаржы бөлімі арасында сындарлы өзара іс-қимылды нығайту қажет деп санаймыз. Бұл өз кезегінде жергілікті мемлекеттік органдардан өз өкілеттіктері мен әкімшілендірілетін бағдарламалық құжаттар шегінде елді мекендерді дамыту бойынша мақсатты жұмыстарды сапалы жүргізуді талап етеді.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

«Жәнібек ауданы әкімінің аппараты» ММ:

1. Өтелуге жататын 715,6 мың теңгенің 8,3 мың теңгесі аудандық бюджетке өтелді;

2. Қалпына келтіруге жататын 849,9 мың теңге толықтай есеп бойынша қалпына келтірілді;

3. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 234-1 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін аппарат басшысына қатысты әкімшілік іс Жәнібек аудандық сотына 2023 жылғы 20 шілдедегі №6-12/802 шығыс хатымен жолданды.

2023 жылғы 2 тамызда Жәнібек ауданы сотының Құлысы шығып, аппарат басшысы Н.Серікке қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 234-1 бабына сәйкес айыппұл салынды.

4. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 20 шілдедегі №8-11/803 және №8-11/804 шығыс хаттарымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

«БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ келген 2023 жылғы 24 шілдедегі №07-4-1/2711 хатына сәйкес бас инспектор-есепші А.Н. Кайыржановаға қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 238 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылып, айыппұл төленген.

«Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ:

1. Қалпына келтіруге жататын 15 719,4 мың теңге толықтай есеп бойынша қалпына келтірілді;

2. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 20 шілдедегі №8-11/805, №8-11/806 және 26 шілдедегі №8-10/833 шығыс хаттарымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды;

3. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 2 тамыздағы №8-10/862 шығыс хатымен «БҚО мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» ММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды

«Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» ММ:

1. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 21 шілдедегі №8-11/807 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

«Жәнібек аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ:

1. Өтелуге жататын 167,6 мың теңгенің 167,6 мың теңгесі аудандық бюджетке өтелді;

2. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 21 шілдедегі №9-10/808 шығыс хатымен «Жәнібек ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ, міндеттемелерін уақытында орындамаған жер пайдаланушылардың әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды;

3. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 21 шілдедегі №9-10/809 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

«Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ:

1. Өтелуге жататын 2 189,8 мың теңгенің 24,2 мың теңгесі аудандық бюджетке өтелді;

2. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 21 шілдедегі №9-10/815 шығыс хатымен «Жәнібек ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы»

РММ, тұрғын үйлерді жалға алу төлемдерін уақытында төлемеген жеке тұлғалардың әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды;

3. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 21 шілдедегі №9-10/816 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

«Жәнібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ:

1. Өтелуге жататын 10 003,7 мың теңге толықтай аудандық бюджетке өтелді;

2. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 24 шілдедегі №8-10/822 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

«Жәнібек аудандық демалыс орталығы» МКҚК:

1. Өтелуге жататын 6 052,1 мың теңгенің 538,8 мың теңгесі аудандық бюджетке өтелді.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану кезінде, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен өзара іс-қимыл жасау барысында аудандық әкімдік пен мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тарапынан мониторинг пен бақылаудың тиісті деңгейде емес екендігін куәландырады және әкімшілендірудің төмен деңгейін сипаттайды.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге ықпал еткен негізгі себептер мен жағдайлар, бюджет заңнамасы, бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алу, құрылыс қызметі және басқа да нормативтік құқықтық актілер саласындағы заңнаманың тиісінше сақталмауы, сондай-ақ лауазымды адамдардың біліктілігінің жеткіліксіздігі және заңнаманы тиісті деңгейде білмеуі болды.

Осыған орай, жергілікті атқарушы органға мемлекеттік мекемелердің қаржылық тәртібін нығайту, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері басшыларының бюджет қаражатын, негізсіз жоспарлағаны және тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға жауапты мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін жетілдіру жөнінде жедел басқарушылық шешімдер қабылдау қажет. Бұл ретте бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі бөлінген қаражатты игеру көрсеткіші бойынша емес, мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламасында көрсетілген нәтиже көрсеткішіне қарай айқындалуға тиіс.

Аудиторлық іс-шара барысында мемлекеттік аудит объектілері «Заңдылық – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестігі» базалық көрсеткішінің «Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі

қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер» арнайы көрсеткіші бойынша бағаланды.

Бұл ретте, барлық аудиттелген мемлекеттік мекемелерде анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды. Сонымен қатар, жекелеген аудит объектілерінде, атап айтқанда «Жәнібек ауданы әкімінің аппараты», «Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты», «Жәнібек ауданының білім беру бөлімі», «Жәнібек аудандық жер қатынастары бөлімі», «Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» және «Жәнібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемелерінде әкімшілік жауапкершіліктер қарастырылған бұзушылықтар анықталды, сондай-ақ «Жәнібек аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-да бюджет қаржысын тиімсіз жоспарлануының көптеген фактілері анықталды, сол себептен анықталған бұзушылықтарды мәнді деп, ал «Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-да анықталған бұзушылықтар мәнді емес деп есептейміз.

Жәнібек ауданының мемлекеттік мекемелерінде жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары негізінде, бюджет қаражатын жоспарлау тиімділігін арттыру және орын алған бұзушылықтарға жол берген адамдарға жауапкершілікті күшейту мақсатында, атап айтқанда бюджет шығыстарының көлемін негіздейтін тиісті есептеулермен бюджеттік өтінімдердің болмаған жағдайларда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшыларының жауапкершіліктерін қарастыру бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы Бюджет кодексіне, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тиісті ұсыныстарды енгізуді қажет етеді.

Сонымен қатар, шекаралық аймақтарға жататын Жәнібек ауданының халық санының азаймауына, елді мекендердегі мектептерді сақтап қалу маңызды мәселе болып табылады. Себебі ауылдық елді мекендегі мектептер тек білім беру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени қызметті де атқаратын әлеуметтік нысан екені белгілі. Осыған орай, елді мекендерде білім алушылардың санына қарай мектептердің жұмыс жасауын реттейтін қағидаларға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу қажет деп санаймыз. Бұдан бөлек, мемлекеттік аудит қорытындылары негізінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіру мақсатында уәкілетті мемлекеттік органға тиісті ұсыныстар жолданады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Жәнібек ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық сәулет, қала құрылысы

және құрылыс бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, «Жәнібек аудандық демалыс орталығы» МКҚК (үстеме тексеру) жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігіне бюджеттік және білім саласын реттейтін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және Тексеру комиссиясының отырысына дейін 10 742,6 мың теңгенің өтелгендігі, 16 569,3 мың теңгенің есеп бойынша қалпына келтірілгендігі ескерілсін.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімі 23 парақта жүйелік кемшіліктер кестесі 1 парақта.

**Батыс Қазақстан облысы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі**




К. Алпысбаев

Тексеру комиссиясының мүшесі




К.Ф. Жапақов

**№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы,
топ жетекшісі
Сапаны бақылау және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы**



Е. Гумаров



Б. Хамидуллин

Бас инспектор-заңгер



А. Сибатова

**№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік аудиторлары**



Д. Рамазанов



Б.Т. Раджапов

**№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік аудитордың
ассистенті**



Д. Ерманов